



МҰРАДЖ- ҚАЗАЛЫ



№64
(2129)
Сәрсенбі
19 шілде
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXV СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Кеше, «Достық үйінде» облыс әкімі, облыстық ассамблея төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен «Әділетті Қазақстан – даму мен бірегейліктің негізі» тақырыбында Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының XXV сессиясы өтті.

Облыстық ассамблеяның алқалы жиынына зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, ғалымдар мен сарапшылар, этномәдени бірлестік жетекшілері, белсенді үкіметтік емес ұйымдар мен жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және ZOOM байланысы арқылы барлық аудан активі мен аудандық Қазақстан халқы ассамблеясының құрылым мүшелері қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты Қазақстан халқы ассамблеясының сәуір айында өткен XXXII сессиясында ассамблея еліміздің саяси жүйесінің аса маңызды құрылымы ретінде ел бірлігін нығайтуға орасан зор үлес қосқанын айтты.

Кешегі сессияның күн тәртібінде облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының есепті кезеңдегі жұмыстары мен XXXII сессияның тапсырмаларынан туындайтын міндеттер талқыланды.

Сессия облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың алғысөзімен ашылды. «Киелі Түркістан төріндегі Ұлттық құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз аз уақытта зор серпіліс жасадық. Бұған ынтымақ-бірліктің және сындарлы қоғамдық диалогтың арқасында қол жеткіздік», деп атап өтті. Отандастарымызды бір мақсат, бір мүддеге ұйыстырудағы бірегей құрылым – Қазақстан халқы ассамблеясы», – деді аймақ басшысы.

Осыдан тура бір жыл бұрын өткен облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының XXIV сессиясында берілген бірқатар нақты тапсырмалар жүзеге асырылып, толымды нәтижелерге қол жетті. Қызылордада «Анаға тағзым» орталығының ғимараты бой көтеріп, «Халық достығы» аллеясы салынды.

Сол жағалаудағы «Рухани жаңғыру» орталығы Үкіметтік емес ұйымдар үйі болып ашыл-



ды. «Достық үйінің» базасында Қазақстанның саяси реформаларының іске асырылу барысын түсіндіру мақсатында сарапшылар даярлау жөніндегі әдістемелік орталық құрылды. Сарапшы топ мамандары екі әдістемелік құрал әзірледі. Этномедиация бағытын дамытуға арналған жобалар жүзеге асырылып, кәсіби және қоғамдық негіздегі медиаторлар арнайы курстардан өтті.

Сыр өңіріндегі аналар кеңесінің «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы үздік деп танылып, өзге өңірлерге тәжірибе ретінде таратылды. Журналистер мен сарапшылар клубының мүшесі, «Хабар 24» телеарнасының меншікті тілшісі Нұрлан Жақыпбеков республикалық «Шаңырақ» байқауында этножурналистика саласының үздігі атанды. Облыстық ассамблея жастары әлемдік тренд «Ел бірлігі. Tik-tok Хаус» республикалық жобасында 1 орынды иеленді.

Этномәдени бірлестіктердің атаулы мерекелері де назардан тыс қалмады. Осы уақыт ішінде «Славяне» этномәдени бірлестігінің 25 жылдығы, татар этномәдени бірлестігінің 30 жылдығы, «Алекс» би өнері мектебінің 25 жылдығы, республикалық «Корё ильбо» газетінің 100 жылдығы аталып өтті. Облыстық ассамблея жанынан ақсақалдар кеңесі құрылды. «Өз еліңді таны!» жобасы аясында олар тарихи қалалар мен киелі орындарға саяхаттауда.

Облыс басшысы бірінші жартыжылдықтың қорытындысына, аймақтың негізгі макрокөрсеткіштеріне тоқталды. Мемлекет басшысының туған жерді түлету бастамасына үн

қосқан жергілікті кәсіпкерлер мен облыстан шыққан меценаттар атқарған, қолға алған жұмыстар туралы айтты.

Мемлекет басшысы елімізде жоғары білім қолжетімділігін арттыруды және 2025 жылға дейін беделді шетел университеттерінің 5 филиалын ашуды тапсырды. Осы орайда облыс әкімі бастаған делегация 22-25 мамыр күндері Корея Республикасының Сеул, Тэджон қалаларына және Чоллабук-до провинциясында іссапарда болып, Сеул қаласында Ұлттық ғылыми-техникалық, Шинхан университеттерінің президенттерімен кездесті.

Іссапар кезінде білім және ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Қызылорда қаласында Корея университеттерінің филиалдарын ашу және жергілікті үздік мектеп түлектері үшін арнайы гранттар бөлу жұмыстары басталды.

Ресей, Өзбекстан елдерінің Бас консулдарымен кездесулер өткізіліп, облыстың сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-рухани, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастық орнату жөнінде нақты ұсыныстар талқыланды.

Сессияда ассамблея кеңесінің ұсынысымен облыстық ассамблея төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары болып Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық татар этномәдени бірлестігінің төрағасы Галия Гизатуллина тағайындалды. Облыс әкімі осы қызметті атқарған өзбек этномәдени бірлестігінің жетекшісі Кахар Дадашевқа алғыс білдірді.

Ассамблея сессиясында

облыстық мәслихаттың төрағасы Наурызбай Байқадамов, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары, профессор Баймырза Қожамбердиев, онкология орталығының дәрігері, облыстық ассамблея жанындағы аналар кеңесінің мүшесі Виктория Юн, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі – проректор Дана Әбдірашева, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының құрметті ардагері Владимир Толоконников сөз сөйледі.

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының XXV сессиясын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қорытындылап, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне, басқарма, мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Алдағы уақытта облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдерімен жарты жылда кемінде бір рет кездесудің жұмыс кестесі әзірленіп, жүзеге асырылуы керек. Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру бойынша белсенді ақпараттық жұмыс, этномәдени бірлестіктердің, Қазақстан халқы ассамблеясының қоғамдық құрылымдары мен олардың белсенділерінің маңызды қоғамдық бастамалары мен жобаларын қолдау жалғаса береді.

Аймақ басшысы облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына облыстық мәдениет және спорт басқармасымен бірлесіп тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарының жобалық-сметалық құжаттамасын және эскиздік жобасын әзірлеуді жеделдетуді тапсырды.

Жауапты басқармаларға тәрбие, жасөспірімдерді есірткі мен психотроптық заттардан қорғауды үйлестіру жұмыстарын жүктелді. Сонымен қатар, «Достық үйін» жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу, «Достық аллеясына» сахна және ашық аспан астындағы кітап сөресін ұйымдастыру тапсырылды.

Сессия соңында облыс әкімі бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым ардагерлері мен белсенділерін марапаттады.

Қызылорда облысының
әкімдігі

БАЙСАЛДЫ КЕЙПІ КӨҢІЛІМІЗДЕ



Дана халқымызда «Жақсыда жаттық жоқ» деген мәйекті сөз бар. Ондайлар кіммен жолығысса да жылы шырай беріп, іліксіз ілтипат пен ізеттілік танытады. Осындайлардың қатарына бүгін тілге тиек етіліп отырған Басбақбай Жанұзақов ағамызды да қоссақ артық етпейді. Басекең екеуіміз бір ауылдың тумасымыз, алтын бесікке баланған мерейлі мекеннің ауасын жұтып, суын ішкенбіз. Сондықтан ба, ол кісі зауқайым жолыға қалса мені іштартып: «Інім, үй- ішің аман ба, жай-жағдайың жақсы ма?» деп айрықша жөн сұрасатын. Байсалды кейпіне жарасымды, жымыған күлкісімен ілезде баурап алатын. Басқалардан да жүрек жылуы мен ақ пейілін аянып қалмайтын жан еді.

Өмір-өзен. Оның арынды ағыны аялдауды, артына қарайлауды ешқашан білген емес. Азаматтық абыройын биік ұстаған, ақжарқын ағаның ортамыздан алыстап, мәңгілік қонысына аттанғанына да әніміне дегенше бір жылдың жүзі болыпты. Ілгеріде данышпан ғұламалардың бірінің «Адам із-түссіз жоғалып кету үшін тумайды. Ол өзінен кейін жер бетінде, басқа адамдардың ойында, жүрегінде із қалдыру үшін өмірге келеді» деп айтқан пайымды пікірін оқығанмын. Осы айтылғандай Басбақбай аға да саналы ғұмырында соңына

соны сүрлеу қалдырған абзал азамат...

Басбақбай Жанұзақов 1948 жылдың 13 тамызында Қазалы ауданының №14 ауылдық кеңесіне қарасты Октябрь (қазіргі Бекарыстан би ауылы) совхозында дүниеге келген. Әкесі Жанұзақ шаруашылықта малшы, шешесі Балымхан үй шаруашылығында болған. Алдындағы ағалары мен апасы Бигелді, Тілек, Айшолпанды үлгі тұта жүріп ержетеді.

Ауыл орталығындағы Ү.Түктібаев атындағы №24 орта мектебін 1967 жылы бітіріп, кәмелеттік аттестаты қолға тиісімен Ресейдің Челябинск қаласында Отан алдындағы азаматтық борышын өтеген. Екі жыл бойы әскери тәртіпке бойұсынып, ерік-жігерін шыңдаған бозбала өз бетінше шешім қабылдауға дағдыланады. Туған жерге табан тірегеннен соң, көп ұзамай Семей қаласындағы №27 байланыс мамандарын даярлайтын училищеге құжат тапсырады. 1969-1971 жылдары оқу орны қабырғасында білім алып, тәрбиеленген.

Арнаулы дипломы бар жас Қазалы аудандық байланыс торабында радио монтері болып, еңбек жолын бастаған. Оған почта байланысы бөлімшесінің бастығы Жомарт Қуандықов, байланыс торабының білікті механигі Ордабай Аяпбергенов ақыл-кеңесін айтып, қолдау көрсетеді. Соның арқасында кәсіби шеберлігі нығайып, механиктік кәсіпке жоғарылайды. Талабы мен талғамы әрқилы тұрғындармен қойын-қолтық араласа қамқарекетін жасайтын саланың қиындығы мен қызығын бастан өткереді.

Аталған мекемеде табан аудармастан он алты жыл жұмыс істеген Басекең 1987 жылы өз қалауымен №26 Қазалы электрмен жабдықтау дистанциясына қызмет ауыстырады. Тәжірибесі толысып, жұртпен жұмыла іс тындырудың қырсырын жетік меңгерген ма-

манды іскер басшы Кемал Аманов аға электромеханик етіп қабылдайды. Қандай мәселеге де байыпты қарап, айналасындағылармен ортақ тіл табыса білетін Басекең тапсырылған міндетке аса жауапкершілікпен қарайды. Олқы тұстардың жедел оңғарылып, дер уақытында жандануын қатаң бақылауда ұстады. Осындай іскерлігі мен адамгершілігі арқылы дистанциядағы тексеру-жөндеу учаскесіне басшылық етті. Қарауындағы монтер, механиктер мен жүргізуші, механизаторлармен жылы тіл табысып, ортақ мүддені биік белестерге көтере білді. Ұжымдастарының шынайы құрметіне бөленіп, мақтау-марапаттар иемденген Басбақбай 2011 жылдың тамыз айында зейнеткерлік демалысына шыққан.

Тоғыз жолдың тұйығындағы теміржолшылар қауымымен бірлесе тіршілік қамын күйттеген абыройлы азамат отбасында ардақты әке атанды. Әйтеке би кентіндегі №249 орта мектепте ұзақ жыл ұстаздық жасаған зайыбы Жанзира екеуі балаларының бойына тәлімді тәрбие нәрін егуді естен шығармады. Өрімді өнеге өрісін тауып, балаларының барлығы да үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық танытатын, инабатты да ибалы боп бой түзеді. Бүгіндері олардың әрқайсысы үйлі –баранды. Қалаған мамандығын меңгеріп, Жаңа Қазақстанның көркейіп, гүлденуі жолында аянбай тер төгіп жүр. Атап өтсек, тұңғыштары Ардақ аудан әкімдігі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы, Ермек әке жолын жалғастырып, ЭЧ-26 мекемесінде аға электромеханик, Нұрлыгүл жеке кәсіпкер.

Тірлігінде барша жұртты бауыр санап, адамдық ары мен имандылық қалпынан айнымаған арда азамат Басбақбай Жанұзақов туралы бүгінгі көзкөргендер жылы

лебіздерін ақтарыла жеткізеді. Солардың бірі электрмен жабдықтау дистанциясының аға электромеханигі, мекемедегі кәсіподақ комитетінің төрағасы Жеткербай Елжас:

- Ағамызбен он төрт жылдай әріптес болыппын. Сонда тыныс-тіршілігі жыл бойына толас таппайтын цехты басқарып, пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін сақтауға сүбелі үлесін қосты. Басекең ағам қандай қиын-түйінді мәселенің де оңай шешілу жолдарын жақсы меңгерген маман-тын. Қарауындағы отызға жуық адаммен «әй-шәй» деспей, жоспарланған міндет үдесінен шығуға барлық күш-мүмкіндікті жұмылдырудан жалықпайтын,- дейді

Сыныптас достары атынан сөз алған Қазалы ауданының құрметті азаматы Мөлқайдар Дүйсенов көкейге келген ой-толғамын былайша сабақтап:

- Басбақбаймен №24 орта мектебінде жоғарғы класта бірге оқыдым. Оқушы шағынан пісентті, өсек-аяннан алыс жүретін адал жігіт болатын. Ол қарапайым еңбек адамы сапында жүріп, сый-құрметке бөленді. Ұлдары мен қызына, Құдай қосқан қосағына әкелік мейірім шуағын төгіп, үлгілі отағасылар қатарынан көрінді. Достыққа берік, жолдастықтан жан пейілін аямайтын абзал достың өмірден ертерек өткені өкінішті,-деп сыр бөлісті.

Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерінен: «Адамның тірі кезіндегі өнегелі ісі өлгеннен кейін артына хат боп қалады. Жақсы баласы болса оған жақсылығы үшін халық алғыс айтса, ол адамның алды ашық болады. Ылғи да сауапқа кезігеді» деген жолдарды оқыдық. Олай болса, жылдық асы берілгелі жатқан Басбақбай ағаның топырағы торқа, алды пейіш, арты кеніш болғай!

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

АЗЫҚТЫҚ ҚОСПАЛАР ДЕГЕНІМІЗ?

Тағамдық қоспалар дегеніміз - бұл өнімдердің жарамдылық мерзімін ұзарту немесе оларға белгілі бір қасиеттер беру үшін, табиғи және жасанды шыққан заттар. Адамзат бірнеше мыңжылдықтарда азық-түлік қоспаларын қолданып келеді. Оларға ас тұзы, дәмдеуіштер, сірке суы және сүт қышқылдары кіреді. Өнімдерді өндіруде көптеген тағамдық қоспалар мен олардың комбинациясы қолданылады. Осы заттардың қолданылуын үйлестіру үшін арнайы жіктеу жүйесі әзірленді. Жүйе кодификациялауға негізделген: әр қосымшада «Е» әрпімен үш немесе төрт таңбалы сан бар.

Сонымен қатар, бұл кодтар функционалдық сыныптардың атауларымен біріктіріледі. Соңғы технологиялық функциялардың көмегімен азық-түлік қоспаларының тобын көрсетеді.

Қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық одақ нарығын қауіпсіз тағамдық қоспалармен, дәмдеуіштермен және технологиялық көмек құралдармен қамтамасыз етуге арналған «Азық-түлік қоспалары, дәмдеуіштер және технологиялық құралдарға қойылатын қауіпсіздік талаптары» Кеден одағының

техникалық регламенті әзірленді және қабылданды.

Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кеден аумағында айналымға шығарылатын осы Техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілері болып келесілер табылады:

- 1) азық-түлік қоспалары, кешенді тағамдық қоспалар;
- 2) хош иістер;
- 3) технологиялық құралдар;
- 4) азық-түлік өнімдері құрамында тағамдық қоспалардың құрамында, дәмі бар биологиялық активті заттар, технологиялық

құралдардың қалған қалдықтары;

5) тамақ қоспаларын, дәмдеуіштерді және технологиялық құралдарды өндіру, сақтау, тасымалдау, сату және жою процестері.

Осы техникалық регламентке тағамдық қоспаларды, хош иістендіргіштерді және технологиялық құралдарды сәйкестендіру оның қауіпсіздік талаптарын орындау және осы техникалық регламенттің және осы өнімге қолданылатын Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарын орындауымен қамтамасыз етіледі.



ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛЫС, ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 29 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ №156-НҚ БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН «ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚИМЫЛЫ ШЕКТЕУЛІ ТОПТАРЫ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІҢ ЕСЕБІМЕН ЖОБАЛАУ» ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ. ҚР ЕЖ 3.06-101-2012

Осы Ережелер жинағының төмендегі талаптары сақталуы тиіс.

- 0,6 -0,8 м ашық баспалдақтар алдында ені 0,3 м бастап 0,5 м дейін тактильдік ескерту жолақтарын қарастыру керек. Баспалдақтар марштарының ені 1,35 м кем болмауы керек. Сатының көлденең тақтасының ені сыртқы баспалдақтар үшін кемінде 0,4 м, ішкі баспалдақтар үшін кемінде 0,3 м болуы керек. Сыртқы баспалдақтың көтергіштері сатыларының (саты асты) биіктігі 0,12 м аспауы керек, ішкі - 0,15 м аспауы керек. Ғимараттарға негізгі кіреберістегі баспалдақ маршының ені 2,5 м ден артық болған кезде қосымша бөлу тұтқаларын қарастыру керек.

- пандустың ені кемінде 1,2 м болуы тиіс. Пандус еңісінің деңгейі пандус биіктігі 5 см ден 20 см болғанда арақатынасы 1:10, ал 20 см ден артық болғанда 1:12. Мысалы: пандустың биіктігі 1 м болған жағдайда, пандус ұзындығы 8,33 м болуы тиіс (100 см:12=8,33). Пандустың биіктігі 15 см болған жағдайда, ұзындығы 1,5 м болуы тиіс (15:10=1,5); Пандустың биіктігі 0,8 м және одан көп болса, пандусты көтеру құрылғыларымен ауыстыру керек.

- баспалдақтар мен пандустардың екі жағының бойында биіктігі 0,45 м артық барлық деңгей айырмасына тұтқалары бар қоршау болуы қажет. Пандус тұтқаларын 0,7 м - 0,9 м биіктікте, ал баспалдақтарда 0,9 м биіктікте орнату керек. Пандустың тұтқасы мен қабырға арасындағы арақашықтық кемінде 4 см, егер қабырғаның беті кедір-бұдырлы болса, онда кемінде 6 см болуы тиіс. Тірек құрылғылары тұтқасының диаметрі 0,035 м - 0,045 м аралығындағы дөңгелек қимадай жасау керек. Тұтқаларда пандустың екі жағынан да жоғарғы және төменгі деңгейде 0,3 м ұзын көлденең дөңгелектенген шығыңқы жер болуы тиіс. Тұтқалар мен таяныштар кемінде 1,3кН тік және көлденең күштерге төзуі тиіс. Пандусы бар кіреберіс алаңның көлемі кемінде 2,2 м × 2,2 м болуы тиіс. Пандустың әрбір деңгейінің басында және соңында ең төменгі өлшемі кемінде 1,2 м × 1,5 м алаңдар болуы қажет. Әрбір

8,0-9,0 м пандус маршының ұзындығынан кейін көлденең алаң орнатылуы керек. Көлденең алаңдар пандустың бағытындағы әрбір өзгерістер кезінде де орнатылуы керек;

- жаяу жүргіншілер жолдары мен пандустардың төсемелері қозғалыс кезінде вибрация тудырмайтын, сондай-ақ тайғанаудың алдын алатын, яғни аяқ киім табаны мен жүрудің қосымша құралдарының тіректері нық басылатын, ылғал және қар болғанда кресло-арбалардың дөңгелектері тайғанамайтындай, тегіс, саңылаусыз, қатты материалдан жасалған болуы тиіс.

- жаяу жүргіншілер жолдары, жаяу жолдар мен пандустар төсемі қатты материалдардан жасалуы, тегіс, кедір-бұдырлы, саңылаусыз болуы тиіс. Бетоннан жасалған төсемдер плиталарының арасындағы жапсарлар қалыңдығы 0,015 м аспауы тиіс. Борпылдақ материалдардан, оның ішінде құм мен қиыршық тастан жасалған төсемдерге жол берілмейді.

- Беткі деңгей 20 мм артық төмендеген жағдайда, жаяу жүргіншілер жолына пандусты орнатуды қамтамасыз ету қажет.

- Жаяу жолдан көлік жолына келуді жасаған кезде ғимараттың жанындағы бойлық еңіс 1:20 (5%) аспауы тиіс және тығыз орындарда 10 м аспайтын қашықтықта 1:10 (10%) дейінгі еңіске жол беріледі.

- Аумақтағы жаяу жүргіншілер жолдарындағы жиектемелі пандустары толықтай жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар шегінде орналастырылуы тиіс және өтетін жолдан шығып тұрмауы тиіс, Өтетін биіктіктің айырмасы 0,015 м аспауы тиіс.

- ені кем дегенде 0,6 м түсі және мәтін құрылымы бойынша қарама-қарсы, ені кем дегенде 1,5 м құрайтын ескерту жолақтары бар жиектас пандустарын жобалау ұсынылады.

- мүгедектер үшін қолжетімді кіреберіс есіктердің ені кемінде 0,9 м болуы тиіс. Есік табалдырықтары деңгейінің биіктігі 0,014 м аспауы керек;

- лифтілер кабиналардан және барлық қабаттардан дербес басқарылуы тиіс. Қоғамдық және өндірістік ғимараттардың жаңа

құрлысы үшін есік ойығының ені кемінде 0,9 м лифтілерді қолдану ұсынылады. Лифтіні шақыру тетігінің алдындағы ең аз бос кеңістік көлемі кемінде 0,9 x 1,2 м болуы тиіс. Шақыру тетігі еден деңгейінен 0,9 м бастап 1,2 м дейінгі биіктікте орнатылады. Көру қабілеті бұзылған адамдар үшін тоқтау және қозғалыс кезінде визуалды және дыбыстық сүйемелдеу бір мезгілде жарықтандыра және сәйкес келетін қабат нөмерін дауыспен сүйемелдейтіндей болуы керек. Лифт нүктелерінде қабат нөмерлері Брайл қарпімен белгіленуі керек. Халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімді лифтілерде еден деңгейінен 0,8 м бастап 0,9 м дейінгі биіктікте үш жақтан тұтқа орнатуды қарастыру қажет.

- үстелдер мен сөрелердің, кресло-арбадағы келушілер пайдаланатын басқа да қызмет көрсету орындарының беті еден деңгейінен 0,8 м аспайтын биіктікте болуы тиіс;

- мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді аймақтары мен элементтері халықаралық қолжетімділік таңбаларымен белгіленуі керек;

- көру қабілеті шектеулі адамдардың қозғалыс жолында, құлақ бойынша қозғалысты бағдарлау үшін жол қозғалысының тактильдік бедерлі белгілеу әдісін және электрондық қоңырау сигналдары, сонымен қатар тактильді бағыттаушы жолақтар қарастырылуы қажет;

- ғимаратқа жаппай келу кіреберісіне көруі бойынша мүгедектер үшін (көліктің барлық түріндегі вокзалдар, әлеуметтік мақсаттағы мекемелер, сауда кәсіпорындары, әкімшілік басқару мекемелері, көп функционалдық кешендер және т.б.) ғимаратқа келушілердің негізгі ағымына кедергі келтірмейтін жайлар туралы ақпаратты көрсететін ақпараттық мнемосхема (қозғалыстың тактильдік схемасы) орнатылуы тиіс. Ол жүру жолы бойынша 3 м бастап 5 м дейінгі қашықтықта оң жақта орналастырылуы тиіс. Негізгі қозғалыс жолдарында биіктігі 0,025 м аспайтын тактильді бағыттаушы жолақ көзделуі тиіс.

- келушілердің есептік саны 50 және одан көп адам кезінде

немесе келушілердің ғимаратта болуының есептік ұзақтығы 60 мин және одан көп болған кезде кез келген қоғамдық ғимараттарда әр қабатта әмбебап кабинасы бар санитарлық торап көзделуі керек;

- жалпы пайдаланатын санитарлық тораптардың әмбебап кабинасының жоспардағы көлемінің ені кемінде 1,65 м, тереңдігі - кемінде 2 м болуы тиіс. Унитазбен қатар кабинаға кресло-арбаны орналастыратын кеңістік, сондай-ақ киім, балдақ, және басқа да заттар үшін ілмек қарастыру керек. Сонымен қатар, жеке дәретханалар және душ кабиналарының есігінің ені толық ашылғанда кемінде 1,2 м болуы тиіс, тік, көлденен тұтқалары 0,8 м бастап 0,9 м дейінгі биіктікте орнатылуы керек, шұғыл көмек көрсету нүктелері еден деңгейі бетінде 0,4 м бастап 0,6 м биіктікте унитаз шетінен 0,15 м бастап 0,3 м дейінгі арақашықтықта орналастырылуы тиіс;

- м ү г е д е к т е р д ің автокөліктеріне арналған орындары кіреберіс маңында, қоғамдық ғимараттардан 50 м қашық емес жерде қарастырылуы керек. «Мүгедек» сәйкестендіру белгісі бар көлік құралдарына арналған тұрақтар орындары ені 3,66 м және ұзындығы 5,38 м кем емес жобаланады;

- көрсеткіштер, ақпараттық материалдар үлкен әріптермен басылуы, қою шрифтпен белгіленуі, әріптер фон түсіне қарама-қарсы болуы тиіс. Ақпарат сондай-ақ қолжетімді және Брайль шрифтін немесе материалдың аудио-нұсқасын қоса алғанда, есту қызметінің бұзушылығы бар тұлғалардың пайдалануына қолайлы болу үшін басқа форматта болуы тиіс.

- көру қызметінің бұзушылығы бар тұлғалар, қарт адамдар үшін – көрсеткіштер және маңдайшалар, белгілер ірі қоғамдық ғимараттарда бейімделудің маңызды элементі болып табылады. Маңдайшалар еден деңгейінен 1,4 м бастап 1,5 м дейінгі биіктікте, көздің көру деңгейінде орнатылуы тиіс.

Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Зерттеу әдістері (сынақтары) мен өлшемдері осы Техникалық регламенттің талаптарын орындау және өнімнің сәйкестігін бағалау (растау) үшін қажетті үлгілерді іріктеу ережелерін қоса алғанда, ережелер мен зерттеу әдістерін (сынақтарын) және өлшемдерін қамтитын стандарттар тізбесіне сәйкес

АЗЫҚТЫҚ ҚОСПАЛАР ДЕГЕНІМІЗ?

стандарттармен белгіленеді. Осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келетін және сәйкестікті бағалаған (расталған) тағамдық қоспалар, дәмдік және технологиялық құралдар Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мем-

лекеттер нарығындағы өнімдердің бірыңғай айналым белгісімен белгіленуі тиіс. Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің нарығында бірыңғай айналым белгісімен таңбалау еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемле-

кеттер нарығында тамақ қоспаларын, дәмді және технологиялық құралдарды шығарғанға дейін жүзеге асырылады.

Г.ОРАЗ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы жетекші маман

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР – МАУСЫМ АЙЛАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Өнеркәсіп өндірісі

Аудан экономикасының негізі болып саналатын өнеркәсіп мекемелерінің жұмысы сараланып, 2023 жылдың қаңтар–маусым айларында 11116 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімдері (жұмыс, қызмет түрлері) өндірілді, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 103,3 пайызды құрады.

Өңдеу өнеркәсібі 9929 млн. теңге өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 100,6 пайызды құрады.

Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы

2023 жылғы 1-тоқсанға бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 275388 мың теңге болып, өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда 113,9 пайызды құрады.

Тіркелген заңды тұлғалар

2023 жылғы 1-ші шілдедегі жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар – 516, оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны – 428, белсендісі - 333, уақытша жұмыс істемейтіндер - 87 бірлік.

Бөлшек сауда

Уақыттың өскелең талабының бірі – сауданы арттыру.

2023 жылдың қаңтар-маусым айларында аудандағы барлық сауда жүйелері бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Қаңтар-маусым айларында бөлшек сауда барлығы – 5379,6 млн. теңгені құрап, 2022 жылдың қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда 102,6 пайызға орындалды.

Инвестиция

	өлшемі	көлемі		орындалуы %
		Қаңтар-маусым 2023 ж	Қаңтар-маусым 2022 ж	
Негізгі капиталға салынған инвестиция	мың теңге	5893	5846	100,8

Құрылыс

2023 жылдың қаңтар-маусым айларында аудан бойынша 106 жеке тұрғын үй салынды. 2023 жылы тұрғын үй құрылысының негізгі қаржыландыру көзінің үлкен үлес салмағы салушылардың меншікті қаражаты есебінен болды.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 109,9 %-ды құрап отыр. Тұрғын үйдің жалпы алаңы 20423 шаршы метр.

Құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 3100 мың теңгені құрады. өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 119,3 пайызды құрады.

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 5781,5 млн. теңгені құрап, былтырғы жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 102,0 пайызды құрады.

2023 жылдың қаңтар–маусым айларында тірілей салмақта союға өткізілген мал мен құс 2874,2 тонна болды. Сауылған сиыр сүті 8329,4 тонна, алынған тауық жұмыртқасы 343 мың дана.

(бас есебімен)

Ірі қара - 50235, Қой мен ешкі - 117022, Жылқы - 48808,

Түйе – 13028, Құс түрі - 7447.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Тіркелген және жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 6760 бірлік оның жұмыс жасап тұрғаны 6522 бірлік, белсенділігі 96,4 %.

Демографиялық жағдай

Аудандағы халық саны 2023 жылдың 1- маусым айына 78950 мың адам құрады.

Халықтың табиғи қозғалысы

	2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында	2022 жылдың қаңтар-мамыр айларында	+, -
Туылғандар	753	741	+ 12
Қайтыс болғандар	166	191	- 25
Некеге тұру	164	176	-12
Некені бұзу	3	4	-1

Қазалы ауданының Статистика бөлімінің басшысы

Б. Әлімбаев

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Ауданымыздың су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзені мен суға тусуге тиым салынған жерлерде жыл сайын азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайлары орын алуда, оның ішінде жаз айларында суға түсу маусымында судағы адам қазасының көбеюі өзекті мәселе болып отыр.

Жалпы төтенше жағдайлардың түрі бойынша адамдардың судағы қазасы бірінші орында тұр.

Сонымен қатар, ата – бабаларымыздың от пен су – тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. ҚР ІІМ-нің Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық

бөлімдерімен жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, ата-аналардың жаз маусымында балаларын қадағалаусыз қалдырмау жөніндегі жүргізіліп жатқан ескертпе, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатқанымен облыс, республика бойынша жыл сайынғы көрсеткіштерге қарасақ адамдардың жазғы суға түсу маусымында қаза болу оқиғалары азаяр емес.

Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстаңыздар:

- суға ауаның температурасы 25, судың температурасы 20 градус болғанда ғана шомыл;
- тек арнайы жағажайларда ғана шомыл;
- суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;
- судан әлсін – әлсін шығып демал;
- қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;
- қол – аяқ тырысқанда үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;
- судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы жүзбей, ағыс бойынша малып жағаға қарай жүзуге тырыс;

- су иіріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;
- арақ – шарап ішіп суға түсуге қатаң тыйым салынады;
- егер шаршасаң дереу судан шық;
- бейтаныс жерден суға секірме;
- терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;
- суға шомылғанда автокамераны, допты, тақтайларды пайдалануға болмайды.

Қазалы ауданының
Төтенше
жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.